

**Атырау облыстық инфекциялық ауруханасы қызметіндегі сыбайлас
жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау нәтижелері бойынша
талдамалық
АНЫҚТАМАСЫ.**

Атырау қаласы

2026 жыл 15 мамыр

Қазақстан Республикасы Заңының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау жүргізу тәртібі туралы үлгілік ережелер» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген және Атырау облысының денсаулық сақтау басқармасы мен оның ведомстволық медициналық ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында, ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау жүргізілді.

- Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау жүргізу кезеңі: 2026 жылдың 15 сәуір айынан 15 мамыр айы аралығы.

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- Аурухананың қызметін реттейтін құқықтық актілерінде және ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына талдау;

Аурухананың қызметін зерттеу барысында анықталды, кәсіпорын өзінің қызметін Жарғысына сәйкес жүзеге асырады. Сонымен қатар, қызметкерлер өз өкілеттілігін орындау кезінде төмендегі нормативтік-құқықтық актілерге сүйенеді:

- 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясы;
- 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ЗРК «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;
- 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі;
- 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заң;
- 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң;
- 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V «Мемлекеттік қызметтер туралы» Заң;
- 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Азаматтардың және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заң;
- 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480 «Құқықтық актілер туралы» Заң;

- 2021 жылғы 4 маусымдағы №375 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы»;

- Министрдің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-319/2020 «Қазақстан Республикасы медицина және фармацевтика қызметкерлерінің ар-намыс кодексі туралы» бұйрығы;

- 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының формаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- 2015 жылғы 29 қыркүйектегі №761 «Клиникалық стационар көмегі көрсету ережелерін бекіту туралы» бұйрығы;

- 2011 жылғы 12 қыркүйектегі №617 «Медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімі қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық бекіту туралы» бұйрығы.

Мониторинг барысында аурухана асханасының қоймасы мен тоңазытқыштарында санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың қоймашымен өрескел бұзылғанын анықтады:

Сақтау мерзімі мен температуралық режим, тауарлық көршілестік ережесі, сақтау жағдайы, құжаттаманың жүргізілмеуі, асхана қоймашысы ҚР ДСМ 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 және 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрықтарымен бекітілген санитарлық талаптар мен стандарттарды өрескел бұзған.

Сонымен қатар, инвентаризация қорытындысы бойынша тауар-материалдық құндылықтардың нақты қалдықтары мен бухгалтерлік есеп мәліметтері арасында айырмашылықтар анықталды. Атап айтқанда, тауық еті бойынша артықшылық тіркелсе, сары май мен творог өнімдерінен жетіспеушілік белгілі болды.

Азаматтардың өтініштері мен БАҚ-ты мониторингі 5 ай ішінде е.өтінішке 70 жазбаша өтініш тусті, оның ішінде 57 арыз-шағым. Барлық өтініштер қаралды. Заң талаптарына сай, бұзушылықтар анықталмады.

Қызметкерлердің этикасы және сыбайлас жемқорлық заңнамасын сақтау талаптары сақталған.

Қызметкерлер 2 өтініш бойынша тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.

Кадрларды басқару

Анализ нәтижелері көрсеткендей, басқару процесі заңнама талаптарына сай жүргізіліп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ескеруге бағытталған. Қызметкерлердің жалпы саны — 287 адам, оның ішінде дәрігерлер — 45, орта медицина қызметкерлері — 138, кіші медициналық қызметкерлер — 56, басқа қызметкерлер — 48. 5 айда 27 адам жұмысқа қабылданды, 26 қызметкер қызметінен босатылды. Тәртіптік жазалар қолданылды — 19 адам.

Кадрлар айналымы — 8%. Қызметкерлердің теріс себептермен жұмыстан босатылуы байқалмайды.

- Сертификаттардың түпнұсқалығын растау;

Жоғары медициналық білімді 45 маман бар, оның ішінде жоғары санаты — 5, бірінші санаты — 1, екінші санаты — 6.

Орта медициналық білімді 138 маман, оның ішінде жоғары санаты — 33, бірінші санаты — 4, екінші санаты — 18.

Сертификаттар мен біліктілік туралы куәліктерді тексеру нәтижесінде, портал арқылы, подделка анықталмаған.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыныстар:

-Мониторинг бойынша анықталған кемшіліктер бойынша жауапты тұлғаларға тәртіптік шара қолдану үшін аурухана директорына ұсыныс енгізілсін.

- Жалпы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүйелі жүргізу үшін, аурухана қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі мониторингті тұрақты түрде жалғастыру;

Жұмыс тобының төрағасы Д.Х.Елеуов директор орынбасары

Жұмыс тобының мүшелері;

Комплаенс-офицер Қ.Қ.Темиралиев

Директордың мейрігер ісі бойынша орынбасары З.Т.Альмуханова

Персоналды басқару бөлімінің басшысы А.Е.Джанбирбаева

Статистика бөлімінің басшысы А.Т.Талғатов